

БӨЛІМ: ҚАЗАҚ ТІЛІ

Деңгейлеп оқыту технологиясының ерекшеліктері

ЖАРИЯЛАНДЫ
06.12.2024СІЛТЕМЕ
https://bilimger.kz/171540/

Тогусаева Ажаргуль Казийкановна

Деңгейлеп оқыту технологиясының ерекшеліктері.

Бүгінгі бала, ертеңгі азамат, мемлекетімізді ары қарай дамытушы тұлға. Сондықтан да білім негізі мектептен бастап қаланады. «Қазақ тілі мен әдебиеті» пәні — білімалушыларды тілдік білім негіздерімен қаруландыратын, тіл арқылы қарым-қатынас жасау қызметінің барлық түрін меңгертетін және олардың ақыл-ойын дамытатын пән.

Деңгейлік тапсырмалар арқылы оқытудың мақсаты — білімалушылардың ауызекі сөйлеу тілін дамыту, сөздік қорын байыту, сөз тіркестерін мен сөйлемдерін іс жүзінде дұрыс пайдалану білігін жетілдіру. Оқушылардың теориялық білімдерін жүйелеу, алған білімдерін практикалық тұрғыда қолдануға жаттықтыру, талдау, дәлелдеу қабілеттерін дамыту, дұрыс оқуды дағдыландыру мақсатын көздейді.

Деңгейлеп-саралап оқыту технологиясының мұғалімдерге тиімділігі: деңгейлеп-саралап оқытуда білім игерудің үш деңгейінің қарастырылуы, білімалушылардың сабақ үстінде бірнеше деңгейде жұмыс жүргізуі, білім дәрежесі бірдей топтарды тексеру ісінің жеңілдеуі, білімалушылардың жұмыстары әділ бағалануы, білімалушы мен мұғалімнің белсенді шығармашылық қызметін дамытуы, дарынды білімалушыларды анықтап, олармен тұрақты және жүйелі жұмыс істеу мүмкіндігінің орнауы, шығармашылық жұмыс, олимпиадалық жеңімпаздарының саны артуы.

Деңгейлеп оқыту технологиясының негізгі ерекшелігін, ұтымдылығын, тиімділігін сабақтарда қол жеткізген төмендегідей жетістіктермен көрсетуге болады: жаңа материалды оқып үйренуге және оқып игеруге деген білімалушылардың пәнге қызығушылығын тудырады, жаңа білімнің мазмұнын жоспарлағанда оқушыға берілетін тапсырма білімалушының қабілетін ұштайтындай, ойын, қиялын дамытатындай етіп дайындауды үйретеді, өзін жеңімпаз ретінде сезіне алатындай тапсырмаларды әртүрлі күрделілік дәрежеде орындату арқылы білімалушылардың білімін саралауды ұйымдастырылады, білімді дайын күйінде бермей, білімалушының өзі білімді қарқынды ой еңбегін қажет ететін тапсырмаларды орындауы арқылы жетістіктерге қол

жеткізіледі, білімалушылардың шығармашылық мүмкіндіктерін тудыратын, қабілеттерін жан-жақты дамытатын әр түрлі белсенді оқыту әдіс-тәсілдерді кеңінен қолданылды, білімалушылардың білім алу нәтижелерін жүйелі талдап, бағалап қорытынды жасалынады.

ҚМ АА Куәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.